

Облыс аумағындағы жекелеген ауылдарды тарату туралы

Алматы облыстық мәслихатының 2010 жылғы 27 желтоқсандағы N 40-229 шешімі және Алматы облысы әкімдігінің 2010 жылғы 27 желтоқсандағы N 202 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2011 жылы 24 қаңтарда 2066 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабының 3-тармағына сәйкес Алакөл, Қаратал, Кербұлақ аудандарының мәслихаттары мен әкімдіктерінің пікірлерін ескере келе, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Алматы облысының мәслихаты

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Алакөл ауданы Үшарал қалалық округінің Талапкер ауылы таратылып, тұрғындары Алакөл ауданы Үшарал қалалық округінің Үшарал қаласының құрамына е н г і з і л с і н .

2. Қаратал ауданы Қаңбақты ауылдық округінің Ақиық ауылы таратылып, тұрғындары Қаратал ауданы Қаңбақты ауылдық округінің Алмалы ауылының құрамына е н г і з і л с і н .

3. Кербұлақ ауданы Жоламан ауылдық округінің Архарлы асуы ауылы таратылып, тұрғындары Кербұлақ ауданы Жоламан ауылдық округінің Жоламан ауылының құрамына е н г і з і л с і н .

4. Осы бірлескен Алматы облыстық әкімдігінің қаулысы мен Алматы облыстық мәслихатының шешімі алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

С. Үмбетов

сессиясының төрағасы

С. Зульярова

хатшысы

А. Сыдық

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң